

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

**ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ КҮНГЕЙ КАВКАЗ
(1991-2009 жж)**

Библиографиялық көрсеткіш

**Алматы
2010**

ББК

К

К Қазіргі кезеңдегі Қазақстан мен Күнгей Кавказ елдерінің қарым-қатынасы. 1991-2008 жж. Библиографиялық көрсеткіш. Құраст.: Н.Қ.Қосаева, А.Ә. Тұрлыбекова. Жауапты ред. К.К.Әбуғалиева, ОҒК директоры. Ред.: Л.Д. Абенова, Ғ.Ғ. Исқақова Е.К.Төреқұлов. – Алматы,2009. – б.

ISBN

Бұл еңбекке 1991-2008 жылдар арасындағы Қазақстан Республикасы мен Күнгей Кавказ елдерінің саяси экономикалық, мәдени қарым-қатынастарын бейнелейтін шығармалар топтастырылып отыр.

Көрсеткіш жоғарғы оқу орнының студенттеріне, аспиранттарына, дәріс беруші ұстаздарға және жалпы көпшілік қауымға арналған.

К -----

© Орталық ғылыми
кітапхана, 2010

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Орталық Ғылыми Кітапхананың ғылыми-библиографиялық бөлімінен шыққан «Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның Күнгей Кавказ елдерімен қарым-қатынастары: 1991-2008 жылдар» атты библиографиялық көрсеткіші бұрындары жарық көрген «Қазақстан және әлемдік қауымдастық» сериясымен шыққан көрсеткіштердің жалғасы болып табылады.

Күнгей Кавказ халықтары Азербайжан, Армения, Грузия мен Қазақстан арасындағы қатынастар нығайған кезеңдерде елші дипломаттар, саудагерлер, тағысын тағылар ұлы Жібек жолы арқылы орталық Азияға саяхат жасаған.

Шығыс тілдеріндегі қолжазба деректемелер мен мұрағаттық материалдарды тереңдей зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы зор. Қазақстан тарихы мен мәдениетінің және көрші халықтармен қарым-қатынасының көптеген проблемаларын мол деректемелік қор негізінде талдап зерттеу күрделі де көкейкесті міндет болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қазақстандық деректеметану қорын толықтырып, молайтуға жағдай жасалып отыр.

Еліміздегі экономикалық және демократиялық қайта құру процесін жеделдету, өзара тиімді қарым-қатынастарды ұлғайту мақсатында көрші мемлекеттермен оның ішінде Күнгей Кавказ елдерімен серіктестікті нығайтудың да Қазақстан үшін маңызы зор. Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бастап Кавказ елдерімен достық қарым-қатынасты дамытуға басты назар аударуда. Бұл ел болса бүгінгі күндері халықаралық саясаттағы басты тұлғалардың біріне айналды.

Қазақстан Кавказ елдерімен егемендігімізді мойындайтын, аумақтық тұтастығымызды сақтайтын ішкі және сыртқы саясатымызға нұқсан келтірмейтін, теңдікпен

екі жаққа да пайдалы саяси келісімдер жасады. Осы елдермен сыртқы экономикалық байланыстар құқықтық-келісімдік базаларда екі жақты сауда экономикалық қатынастардың біршама өсуіне септігін тигізеді. Бұл елдермен ынтымақтастықтың жақсы жолға қойылғандығын библиографиялық көрсеткіштің саясат, экономика, құқық, табиғат ресурстары және мәдениет тарауларынан көре аламыз.

ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Әзербайжан Республикасы – Кавказдың оңтүстік шығысында орналасқан мемлекет. Негізгі заңы – 1995 ж. 12 қарашада қабылданған Конституция. Мемлекет басшысы – президент. Заң шығарушы жоғарғы органы – тұрақты парламент. (Милли меджлис, 125 депутаттан тұрады). Атқарушы өкіметтің жоғарғы органы – Министрлер кабинеті, оны премьер – министр басқарады. Әзербайжан солтүстігінде Ресеймен, солтүстік батысында Грузиямен, оңтүстік батысында Армения және Түркиямен, оңтүстігінде Иранмен, шығысында Каспий теңізі арқылы Қазақстанмен шектеседі. Аумағы 86,6 км², халқы 7,5 млн адам (1995), Астанасы – Баку (Бақы) қ. (1,1 млн адам). Халқының 83 пайызы – әзірбайжандар. Мемл. Тілі – әзірбайжан тілі. Халқы негізінен, ислам (шиит және суннит ағымдары дінін ұстанады).

Табиғаты. Әзербайжанның жер бедерінің 2/3-ін Үлкен және кіші Кавказ таулары , Карабах жанартаулық таулы үстірті және Талыш таулары алып жатыр. Ең биік жері – Базардюзю (4466м). Үлкен және кіші Кавказ таулары аралығында Кура–Аракс аллювийлі ойпаты орналасқан. Талыш тауының етегін бойлай Ленкоран ойпаты алып жатыр. Үлкен Кавказ таулары , негізінен, мезозой тақтасынан, саздан , құмтас пен әктастардан, Кіші Кавказ таулары мен Талыш таулары кайнозой эрасының жанартау текті шөгінді

жыныстарынан түзілген. Климаты қоңыржай белдеу (Кура–Аракс ойпатында) мен субтропикалық белдеуді (Ленкоран ойпаты құрайды. Қаңтар айының орташа температурасы ойпатты аудандарда 0 Сграустан 3 С –қа дейін, шілденің орташа температурасы 25-27 С. Жауын-шашынның орташа мөлшері тау етектерінде 200 мм, тау беткейлерінде 1400 мм, ал Ленкоран ойпатында 1700 мм-ге жетеді. Ірі өзендері Кура және Аракс.Ең үлкен көлдері –Гадлжикабул және Беюкшор. Теңіз деңгейінен 200м-ге дейінгі топырағы сұрғылт, одан жоғары таулы-орманды және таулы-шалғынды. Ленкоран ойпатына сары топырақ және Ойпатта шөл, шөлейт құрғақ дала өсімдіктері өседі, таулыжерлерде жалпақ жапырақты өсімдіктер басым. Кен байлықтарынан мұнай мен газ, сондай-ақ алунит, полимегалл түрлері, мыс кентасы, алтын ,молибден; құрылыс материалдарынан: мәрмәр, каблин туб, доломит, т.б. өндіріледі.

Тарихы. Әзербайжан жеріне адамдар палеолит заманында қоныстана бастаған Тұңғыш мемлекеттік бірлестік Оңтүстік Әзербайжанда өмір сүрген манналықтардың,кейіннен осыдан ішінара қоныстанған лидиялықтардың тайпалық одақтары негізінде құрылды. Б.з.б. 1-мыңжылдықта Әзербайжан жерінде кадусилер, каспилер , албандар т.б қоныстанады . Б.з.б. 9ғ-да Манада ертедегі құл иеленуші мемл., б.з.б. 7 ғ-дың 70 жылдары мидия мемлекеті құрылып, оның құрамына Оңт. Ирандық Әзірбайжанның кейінірек Антропатена аталған Кіші Мидия облыстары да кіреді. Бұл мемлекет 150 жылға дейін өмір сүрді. Кейін Антропотена өзінен қазіргі “Әзірбайжан” грек., сөзбе-сөз аударғанда от сақтаушылар елі деген атау шықты. Б.з.б. 3-2 ғ-да Әзірбайжанның солтүстік бөлігі мен Дағыстан жағында Албания мемлекеті пайда болды(к. Албания) .

Б.з. 4-да Рим империясы мен Иран арасындағы соғыстың салдарынан Албания Иранның қол астына өтеді. 5-6 ғ-да Әзірбайжанда азаттық күрес(Сасан әулетіне қарсы көтеріліс, Маздақ қозғалысы) өрістеді. 8 ғ-дың басында

арабтар Өзірбайжанды түгел бағындырып, ислам дінін таратты. 9 ғ-дың басында Өзірбайжан мен Иранда арабтар мен жергілікті билеушілерге қарсы Бабек бастаған соғыс 20 жылға созылды. 9 ғ-дың 2- 10 ғ-дың 1 жартысында халық қозғалысы арабтардың билігін әлсіреті. Өзірбайжанда Салари, Мазьяди, Шедади, т.б әулеттер билеген мемлекеттер құрылды. 11 ғ-дың ортасында Өзірбайжанды салжұқтар басып алды. 12 ғ-да басқыншылар елден қуылып, Шируаншаһ, Кесрани, Ильдегиз әулеттері билеген мемлекет пайда болды. Ауыл шаруашылығы, қол-өнері, сауда қайта жанданды. Өзірбайжан халқы негізінен, 11-13 ғ-ларда түрік тайпаларының негізінде қалыптасты. 13 ғ-ларда түрік тайпаларының негізінде қалыптасты. 123ғ-дың 30 жылдарында Өзірбайжанды- және оған көрші елдерді монғолдар жаулап алып, Хулагу әулеті билеген мемлекет құрылды. 14-15 ғ-дардың аяғында Өзібайжанда Шируаншаһтықтар мемлекеті құрылып, Өзірбайжан жері жаңадан құрылған Қара

-қойлы-қойлы (Қара-Қоюнду),(Ақ-Қоюнду) мемлекеттеріне қосылды. 16 ғ-дың басында Өзірбайжан жерінде Сефеви әулетінің мемлекеті орнады. 16 ғ-дыңсоңына қарай Кавказда үстемдік орнату үшін Иран мен Түркия арасындағы күрес күшейіп, Өзірбайжанның солтүстігі мен оңтүстігіндегі едәуір жерді түріктер жаулап алды. 17 ғ-дың 30-жылдарының аяғында Өзірбайжан қайтадан Иранның қол астына қарады. 1723-35ж. Өзірбайжанның Каспий жағалауындағы аймақтарын Ресей жаулап алды. Орыс әскерлері келісімен Өзірбайжанға Иран билеушісі Нәдір шаһ басып кірді. Жергілікті халық Ирандықтарға қарсы талай рет көтеріліске шығып, 18 ғ-дың 2-жартысында Өзірбайжан бірнеше дербес хандықтарға бөлінді.

1805–13ж. және 1826-28 ж. орыс-иран соғыстары барысында Ресей мен Иран арасында жасалған Гүлстан (1813), Түркменчай (1828) шарттарына сай Солт. Өзірбайжан Ресейге қосылды. 1917 ж. қарашада Өзірбайжанда Кеңес

өкіметі орнады. 1918 ж. 28 мамырда Әзірбайжан демократиялық республика болып жарияланып, өкімет басынан тайдырылып, Әзірбайжанда Кеңес өкіметі қалпына келтірілді. 1922 ж. 30 желтоқсанда Әзірбайжан Кавказ Федеративтік Кеңес Республикасы (ЗКФСР), 1936 ж. КСРО құрамына кіреді. Кеңес Одағы құрамында болған кезеңде кейбір әлеуметтік қайшылықтарға қарамастан Әзірбайжанның экономикалық және мәдени дамуы жүзеге асты. Халықтың ұлттық санасы өсіп, тәуелсіз елдігін қалпына келтіруге ұмтылысы артты. Бұл процесс әсіресе, 20 ғ-дың 80-жылдардың соңына қарай күшейді.

1990 ж. 20 қарашада Кеңес одағының басшылығы Әзірбайжанның жоғары мемлекеттік органдары келісімінсіз Бакуге заңсыз түрде енгізілді. Оның салдарынан көптеген адамдар қаза тапты (қ. Бакудегі қанды оқиға). 1991 ж. 30 тамызда Әзірбайжанның Жоғарғы кеңесі 1918 жылғы Шарт негізінде мемлекеттік тәуелсіздікті қалпына келтіру жөнінде Декларация, 1991 ж. 18 қазанда “Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жөнінде” Конституциялық шарт қабылдады. Дербес мемлекет ретінде Қазақстан Республикасымен 1992 ж. 27 тамызда дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. 1996 ж. 16 қыркүйекте Бакуде Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы қарым-қатынастардың негіздері туралы шарт. Каспий теңізінің мәселелері бойынша бірлескен мәлімдеме, қосарланған салық салуға жол бермеу, инвестицияларды көремелеу және өзара қорғау, мұнай-газ өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы, әуе және халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімдер жасалды. 1997 ж. 10 маусымда Алматыда екі республика арасындағы ынтымақтастықты одан әрә дамытып, тереңдету туралы Декларация мен мұнайды халықаралық рыноктарға тасымалдаудағы ынтымақтастық туралы меморандумға, азаматтық істер жөніндегі құқықтық көиек туралы Шартқа, т.б. үкіметаралық он екі келісімге қол қойылды.

Экономикасы. Өзбайжан индустриалды және ауылшаруашылығы көп салалы ел. Жері мұнай мен табиғи газға бай. Сапасы жоғары темір кендері, алюминий шикізаты, хром, молибден, кобальт, алтын, күкірт колчеданы және әртүрлі құрылыс материалдары, полиметалл кендері мен емдік минерал су көздері бар. Мұнай-газ, машина жасау және металл өңдеу, химия және мұнай химиясы өнеркәсіптері елеулі қызмет атқарады. Мұнайды тұтынушыларға жеткізу үшін құбыр жүргізу жөніндегі Өзбайжанның мүдделігі өз нәтижесін беруде. Өзбайжанда жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары әртүрлі маталар, тігін және былғары бұйымдарын, аяқкиімдер шығарады. Ауылшаруашылығында мақта, темекі, бау-бақша өнімдері және мал шаруашылықтарының маңызы зор. Өзбайжанның ауылшаруашылығында гидромелиоративтік құрылыс кең дамыған, көлемді су құбырлары мен магистральдық каналдар салынған. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары түрлі шарап пен коньяк, консерві, ұн, темекі, балық өнімдерін шығарады. Таулы Карабахтағы соғыс Өзбайжан экономикасын үлкен шығынға ұшыратты, ел тәуелсіздігіне қауіп төндірді (к. Карабах жанжалы). 1995 ж. Өзбайжанның ұлттық табысы 7,1 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде болды. Экспортқа 1996 ж. 54 млн доллардың өнімі шығарылса, импортпен 961 млн. доллар өнімі алынды.

Әдебиеті мен өнері. Өзбайжан әдебиеті өзбайжан халқының көп жанрлы, бай фольклорынан бастау алады. Батырлық эпос-дастандардың ішіндегі ең көнектісі – “Көроғылы” дастаны. Бұл эпос (әр түрлі нұсқаларда) Таяу Шығыс, Орта Азия елдерінде кең тараған. Сондай-ақ басқа да жыршы-ашуттар орындауындағы ауыз әдебиеті үлгілері 16 ғасырдан бастап жазып алына бастады. Ашуг поэзиясы мәдениет пен жазба әдебиеттің дамуына үлкен әсер етті.

Өзбайжан әдебиетіне араб (7-9 ғ.) және иран (11 ғ.) мәдениеті зор ықпал жасады. Араб парсы тілдері ресми құжат, ғылыми және көркем әдебиет тіліне айналды. Хатиб

Тебризи, сияқты ақындар мен ғалымдар өз шығармаларын сол тілдерде жазды. 12 ғ-дағы Әзербайжан поэзиясының шыңы- Гәнжауи Низмаи шығармашылығы арқылы көрінді. 13–14 ғ-да Әзербайжан әдебиетінде сопылық сарын күшейді. Ұлттық әдеби тіл мен прозаның қалыптасуы Мұхаммед Сулейман Физули (1494– 1556) есімімен байланысты. 19 ғ-да Әзербайжан әдебиеті өзінің классик дәстүрін жалғастыра отырып, демократиялық орыс әдебиетінің ықпалын бойына сіңірді. Реалистік әдебиеттің дамуында М.Ф. Ахундовтың ықпалы зор болды.

20 ғ-дың алғашқы жартысында поэзияда мазмұн мен форма бірлігі жөнінде жаңа талпыныстар жасалды (С.Вургун, Расул Рза, Сулайман Рұстам, т.б.). Тарихи революциялық тақырыпқа түрлі шығармалар жазылды. (м.Гусейннің “Таң” романы, Вургунның поэмалары), соғыс туралы роман, повестер жарық көрді. (И.Касумов, Г.Сеидбейли, А.Абульгасан), қала жұмысшыларына, ауыл еңбеккерлеріне шығармалар арналды. (М.Ибрагимов, И.Шихла, И.Эфендиев, т.б). 60-70 ж. психологиялық әңгімелер, лирикалық повестер көрініс берді. (А.Айлисли, И.Гусейнов, М. Ибрагимбеков, Р Ибрагимбеков, т.б.

Қазіргі заманғы Әзербайжан әдебиетіне адамның ішкі әлеміне тереңдей үңілу, көп қырлы бейнелеу тәсілдерін, көркемдеу құралдарын жетілдіру жолындағы ізденістер тән.

Әзербайжан сәулет өнері тарихы б.з.б. 9-6 ғ-дан басталатынын ескі қалалардың орны дәлелдейді. 5-6 ғ-да қалалар қалың дуалдармен, қорғандармен қоршалған. Оның бір көрінісі-Шыраққала (6 ғ). Ал сәулет және бейнелеу өнерінің кемелдене дамыған кезеңі.–11-13 ғ- лардың тұсы (Жүсіп, Момине қатын кесенелері, Қыз мұнарасы, Қырмызы күмбезі, т.б.) Одан бергі кезеңде Әзербайжан сәулет өнері ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, қазіргі заманғы архитектураның жарқын үлгілерін өмірге әкелді. Кабустандағы тау шыңына қашалып салынған үлкен сурет “галереясы” (б.з.б. 8-7 ғ.) халықтық өнер тарихының көне

дәуірден бастау алатындығын көрсетеді. Осы кезде дами бастаған Тербиз шеберлерінің миниатюралық мектебі 15-16 ғ-да дәуірлеп, хұснихат пен қолжазба кітаптарды көркемде бүкіл мұсылман елдеріне үлгі көрсетті. Өнердегі осы дәуірді 20 ғ-да М.Абдуллаев, А.Жафаров, С.Дадашов, Н.Касумов, Т.Салахов, М.Үсейінов, т.б. жалғастырды. Ә театрының негізі (халықтың ойын-сауығы және билер) ерте замандарда қаланған. Ашугардың өнерінде де театр элементтері көптеп кездеседі. 1897 ж. Г.Меликовтың басшылығымен тұңғыш кәсіби театр “Мұсылман драма труппасы” ұйымдастырылды. 20ғ. жаңа театрлық труппалар құрылып, Г.Арабилинский, Ж.Зейналов, Г.Сарабский ұлттық актерлік мектептің негізін қалады. Қазіргі заманғы ұлт классиктерінің және әлем драматургтерінің шығармалары арқылы шеберліктерін шыңдаған А.Алекперов, Г.Алмасзаде, М.Алиев, О.Құрбанова, С.Рухулла, т.б. Әзербайжан өнерінің белгілі өкілдері болып табылады. Әзербайжан киносының тарихы 1916 ж-дан басталды. 1929 ж. кино қайраткерлерін даярлайтын студия ашылып, онда Д. Джабарлы, М. Михайлов, А.Кулиева, т.б. оқыды.

1936 ж. алғашқы дыбысты кино шыға бастады. Осы кезде кинода ұлттық бағыттағы ізденістер басталды. “Насими”(1970, реж. Сейдбейли), “Сөнген оттың жарығы” (1997, реж. Т.Тагизаде), “Бабек” (1980,реж .А.Кулиев), т.б. халықтың тарихынан түсірілген фильмдер Әзербайжан киносының табысы болды. Әзербайжан дәстүрлі музыкасында екі бағыт – фольклор және халықтың ауызша шығармашылық дәстүрі бар. Халық музыкасы әр түрлі әуен байлығымен, ырғақтылығымен, қысқа кідіріспен айтылатын жеке орныдаушыларға ыңғайлығымен ерекшеленеді. Шекті (кеманча, тар, саз, уд), үрмелі (тұтан, зурна), ұрмалы (нагара, дэф) муз, аспаптар бар. Гурбани, Аббас Туфарганды Шикесте Шырын, Алескер сияқты ашуттар ертеден белгілі. 11-16 ғ-да халықтық кәсіби музыканың тағы бір түрі – мұқамдар өріс алды. 19 ғ-дың соңында симф,оркестр мен опера труппасы

ұйымдастырыла бастады. Әзербайжан кәсіби музыкасының негізін салушы Ү. Гаджибеков 1- ұлттық мұқамдық опера “Ләйлі-мәжнүн (1908), муз.комедия “Аршин мал аланды”(1913) жазды. 1920ж. Бакуде опера театры, 1921 ж. консерватория ашылды, 1931 ж. ұлт-аспаптар оркестрі, 1936 ж. мемл.хор ән-би ансамблі ұйымдастырылды. 1934 ж. Әзербайжан композиторлар одағы құрылды. А.Ниязи, РАбдуллаев сияқты дирижерлары. Бюль-бюль, Ш .Мамедов сияқты әншілері әлемге танылды.

Әзербайжандар (өзд. атауы–азербайджанлыдар) – Әзербайжан Республикасының байырғы халқы. Әзерб. Респуб-да 5,8 млн., Ресей Федерациясында 336 мың, Иранда 10430 мың, Грузияда 807 мың адам, Қазақстан, Армения, Ауғанстан, Ирак, Туркия, т.б. елдерде тұрады. Жалпы саны 17,2 млн адам (1992). Ресейдің ресми құжаттарында бұл халықты түркілер, татарлар деп атаған Әзербайжан өз ішінде айрум, афшар, баят, қарадағ, қарапапах , шахселен, т.б. субэтник. Топтарға жіктеледі. Тілі түркінің оғыз тобына жатады, жазуы латынжәне орыс графикасына негізделген діні бойынша мұсылман-шииттер (сунниттер де бар).Әзербайжандардың халық ретінде ұйысуы б.з.б. Кавказдың көне мемлекеттері Маны, Кавказ Албаниясы, Мидия, Атропатондан бастау алады. 7 ғ-да арабтар жаулап алған соң әзербайжан, әзербайжан деп атала бастады. Б.з.басында жергілікті халықпен түркі тілдес тайпалар (скифтер, ғұндар, болғарлар, бесенелер) араласып, Әзербайжан этносының іргесі қалана бастады. Оларға 11-16 ғасырда оғыздардың басым бөлігі келіп қосылды. 19 ғ-дың екінші жартысында Әзербайжан ұлты қалыптаса бастады. Әзербайжанның шаруашылығында егіншілік, мақта егу, бағбаншылық, жүзім, жібек құртын өсіру , техникалық дақылдар өңдеу, отарлап қой бағу , сиыр өсіру басым. Дәстүрлі өндіріс құралдары – тісті , тіссіз орақтар, соқа, айыр. Дәстүрлі кәсібі –кілем тоқу, зергерлік мыстан ыдыс-аяқ соғу, құмыра қашау, ағаш, тас өңдеу, жібек, жүн, мақта

маталарын тоқу, тері өңдеу. Баспаналары – таулы және жазық жерлерде ағаштан , балшықтан салынып, төбесі шошақ немесе күмбез деп жабылған –қаратам, сакля, бақташыларда киіз үй алачығ аталады.

Ұлттық киімдері: әйелдер кеудешесі – арханук, еркектердің кең шалбары, шекпен тәрізді сыртқы киім – чуха, папаха, джорабы қазір ауылдық жерлерде ғана кездеседі. Дәстүрлі ұлттық тағамдары – теміртабада, саджада, тендирде (пеш) пісірілген бидай, арпа , тары наны, ет-көкөніс салып пісірілген – гутаб (бәліш), еттен істелген говурма (қуырдақ), болдырма, люля-кебаб, долма, палаудың 50 түрі бар. Сусындары – шай , шербет, айран. Мугамдар мен ашугаттар айтатын –“ Китаби Деде Коркуд”, “Кероглы”, лирик. “Ашуг-Гариб”, “Аслы-Керем”, “Аршин –Малалан” эпостары көпке танымал. Саз аспаптары – тар, саз, канон, уд ,келанча, тутек балапан, дурна, бубен, т.б.

20 ғ-да Әзербайжандардың ұлттық мемлекеті, экономикасы және мәдениеті дамып, әлемге танымал болды. (қ. Әзербайжан). Олардың өз елінен жырақта тұратын диаспоралары да ұлттық салт-дәстүрлерін сақтаған.

20 –ғасырдың басында Қазақстанда тұратын Әзербайжан ұлты өкілдерінің саны болмашы ғана болса (1926 жылғы санақ бойынша небәрі 46 адам), 30 жылдарға қарай олардың саны өсіп, 13 мыңға жеткен. Қазақстандағы Әзербайжандардың басым бөлігі (71 пайыз), негізінен, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарына шоғырланған, 80-жылдардың орта шенінде Қазақстанның өзге де облыстарына тарала бастады. Олардың саны 10жыл ішінде (1979–1989 ж.) 3,1 есе артып, 90мың (1992) адамға жетті. Қомақты бөлігі (56,4 пайыз) ауылдық жерлерде, 43,6 пайыз қалаларда тұрады. 1992 жылдан бастап ұлттық мәдени орталығы жұмыс істейді. Орталықтың негізгі қызметі – олардың тілін мәдениетін, салт-дәстүрлерін дамытуына жағдай жасау. Қазақстандық Әзербайжандар арасында 1 жазушы, 3 ғылым

докторы, 10 ғылым кандидаты, 1 Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері бар.

Әзірбайжан тілі- түркі тілдерінің оғыз (оңтүстік- батыс) бұтағына жатады. Әзербайжан республикасының мемлекеттік тілі. Одан тыс Грузия, Армения, Дағыстан, Ирак, Туркия, Ауғанстан елдеріне де тараған. Шамамен 20 млн-ға тарта адам сөйлейді. Геогр. таралуына қарай шығыс, батыс, солт, оңт. деп аталатын төрт диактектілік тобына кіретін шемахы-баку диалектісі негізінде қалыптасқан. Өзге түркі тілдермен салыстырғанда Әзербайжан тілінің өзіне тән мынадай ерекшеліктері бар: Ұяң д, г, ғ дауыссыздары сөз басындағы қатаңдардың орнына жиі қолданылады: даш(тас), ғол (қол), ғұш (құс), гөз(көз), гүн (күн); ә дыбысы сөздің барлық шебінде қолданыла береді: тәкә ((теке), кәпәк (кебек); кей сөздердің басында шұғыл һ келеді: һашан (қашан), һәлә (әлі); жылан , жылқы, жұлдыз тәрізді сөздердің басындағы ж түсіп қалып, илан, илқы, улдуз болып айтылады; кейсөздердің ішіндегі сынар дауыссыздармен айтылады: сағғал (сақал), ешшек (есек). Жіктік жалғауының бірінші, екінші жағының жекеше түрінің қосымшасы тек ашық дауыстылармен ғана қолданылады: алырсан (аларсын), т.б. Синтаксистік құрылымында жалғаулықты құрмалас сөйлемдер жүйесі жақсы дамыған. Әзербайжан тілінің арғы тегі 8-10 ғ-ларда Орта Азия топырағында өмір сүрген оғыз тайпалары тілімен өзектес, содан өрбіген тілдердің бірі. Туыстық жағынан қазіргі түрік тіліне жақын, бірақ одан елеулі айырмашылықтары да бар: Әзербайжан тіліне тән ә дауыстысы түрік тілінде жоқ, қыпшақ сөздері Әзербайжан сөздерінде молырақ. Жазуы 1929 ж. дейін араб, 1939 ж. дейін латын графикасына негізделді. 1939 ж. кириллицаға көшті.

АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

Армения Республикасы – Кавказ тауларының оңтүстігінде орналасқан мемлекет. Негізгі зақы –1995 жылы

5 маусымда қабылданған Конституция. Мемлекет басшысы – президент (1998 жылғы ақпаннан бері Роберт Кочарян). Жоғарғы заң шығарушы органы – Министерлер кеңесі. Арменияның солтүстік-батысында Грузия, шығыс, солтүстік – шығысында Әзербайжан, оңтүстігінде Түркия, Иран мемлекеттерімен шектеседі. Жерінің аумағы 29,8 мың км, халқы 3,8 млн. адам (1995), астанасы – Ереван (1,2 млн., 1995). Халқының 93 пайызы астамы армяндар. Орташа тығыздығы 1 км 90 адамнан келеді.

Табиғаты. Армения таулы үстіртінің солтүстік – шығысындағы жанартаулық үстіртті алып жатыр. Ең биік жері – Арагац тауы (4090 м). Оның оңтүстік беткейінде әйгілі Бюрокан астрофизикалық обсерваториясы (расытханасы) орнаасқан. Арменияның солтүстігін Сайхет, солтүстік – батысын Джавахет, оңтүстігін Базум, Памбақ, Зангезур жоталары, оңтүстік – батысын аккумуляттанған шөгінділерден түзілген Армян жазы алып жатыр. Жерінің 90 п – тен астам аумағының биіктігі 1000 м – ден жоғары. Жоталар жерортатеңіздік қатпарлы геосинклинальды белдеуде жатыр. Мұнда кембрий кезеңінен антропоген дәуіріне дейінгі барлық жүйелердің шөгінділері таралған. Кен байлықтарынан мыс, молибден, алтын, темір кен тасы, нефелин сиениті; құрылыс материалынан: туф, мәрмәр көптеп кездеседі. Климаты, негізінен континенттік субторпикалық құрғақ типке жатады. Жазық тау етектерінен қаңтардағы орташа температура 5 С, шілдеде 25 С. Жылдық орташа жауын-шашын мөлшері 400 мм. Негізгі өзендері – Аракс пен Кура және олардың салалары Ахурен, Касах, Раздан, Дебед. Көлдердің жалпы саны 100-ден асады, олардың ең ірісі – Севан көлі. Жер бедерінде, әсіресе, жанартаулық үстіртке, негізінен, таудың қара топырағы тән. Аумағының 1/5-ін жалпақ жапырақты орман (емен, жөке, бук) және бұталар, таулардың 2000 метрге дейінгі белдемінің басым көпшілігін дала және ксерофитті сирек орман, одан жоғары белдемін альпі шалғыны алып жатыр.

Тарихы. Армения жерінде б.з.б. 1- мыңжылдықтың ортасына дейін құл иеленуші Уарту мемлекеті болды. Ол құлағаннан кейін Армения Парсы елі аумағында құрылған Ахемен әулеті ме лекетінің құрамына кірді Ескендір Зұлқарнайн парсы мемлекетін жеңгеннен кейін армян жерін өз империясына қаратты. Б.з.б.4 ғ-дың аяғында Оңтүстік Батыс Армения (Софена) мен Оңтүстік Армения тәуелді мемлекет ретінде Селевки әулеті билеген мемлекеті құрамында болды. Б.з.б. 3ғ-дың басында Ұлы Армения мемлекеті құрылды. Тигран II (95- 56) тұсында Армения күшейіп, негізгі армян жерлері түгел біріктірілді. Осы кезеңде Армавир, Арташат, Тигранакерт секілді ірі-ірі қалалар пайда болды. Оларда металл өнеркәсібі, құмыра өндірісі, тас пен ағаш ою, тоқыма зергерлік өнері, былғары өңдеу, құрылыс салалары едәуір дамыды. Мәдениет біршама ілгеріледі. 301 жылы христиан діні Ұлы Арменияның ресми діні деп жарияланды. Алайда аймақтық бытыраңқылықтың күшеюі салдарынан мемлекет ыдырай бастады. Оның үстіне б.з. 1 ғ-ынан басталған Рим мен Парсы елі арасындағы талас-тартыс Армения экономикасын құлдыратты. Ақырында (387 ж. Армения олардың бөлісіне түсіп, негізгі бөлігі Персияға тәуелді болды. 7-ғасырдың ортасында армян жеріне араб әскерлері басып кірді.жергілікті халықтың ұзақ жылдарға созылған қарсылығы басылғаннан кейін 8 ғ-дың басында Армения Араб халифатының құрамында болды. 9 ғ-дың аяғында ұлт-азаттық күрестің нәтижесінде Баграти әулеті басқарған Армян патшалығы құрылды. Экономика мен мәдениет біршама өркендей бастады. Бірақ әшкә аймақаралық алауыздықтар нәтижесінде Армян мемлекеті тағы да ыдыаушылыққа ұшырады. Олар 11-ғасырда салжұқтардың, 13 ғ-да монғолдардың шапқыншылығына душар болды. Осыдан былай армян халқының дербестігі мүлдем жойылды. 14 ғ-дың ортасынан бастап Армения Алтын Орда хандары арасындағы қантөгіс , қақтығыстар майданына айналды. Әсіресе, Тоқтамыс пен Әмір Темір

жорықтары кезінде Армения қатты күйзеліске ұшырады. 16-18 ғасырларда Армения үшін қайтадан Түркия мен Иран арасындағы соғыстар болып, нәтижесінде оның батысы Түркияға, шығысы Иранға қарады. Шығыс Грузияны өзіне қосып алған Ресей енді Арменияны қосып алу үшін Иранға қарсы соғыстарын бастады. 18-28 жылғы орыс-иран соғысынан кейін Эриван, Нахичеван хандықтары Ресейге қосылды. 19 ғасырдың 2-жартысында Ресей Түркияның қол астындағы армян жерлерін тартып алу үшін Түркияға қарсы соғыс ашты. Кезекті орыс-түрік соғысынан (1877-78) кейін Батыс Арменияның бірқатар жері Ресейдің меншігіне айналды.

20-ғасырдың бас кезінде С.Шаумян, С.Спандарян, Б.Кнунянц басқарған социалистік-демократиялық топтар құрылды. Қазан төңкерісінен кейін (1917ж.қараша) дашнактар, муссватшылар мен меньшевиктер өкімет билігін өз қолдарына алды. 1918 жылы Түркия Шығыс Арменияның бір бөлігін өздеріне қаратты. Сол жылы олардың орнын ағылшындар басты. 1920 жылы халық үкіметке қарсы жаппай көтеріліске шықты, бірақ ол тез басылып қалды. 1920 жылы Түркия әскерлері Шығыс Арменияға қайта кіріп, Эриванға қатер төндірді. 1920 ж. 20 қарашада Шығыс Арменияда Кеңес өкіметі күшпен орнатылып, Армян КСР-і құрылды. 1922 ж. Наурыз айында Армения Закавказье Федерациясының құрамына Кеңес Одағына кірді. 1936 ж. 5 желтоқсанда одақтас республикаға айналды.

КСРО тарғаннан кейін 1991 ж. 21 қыркүйек референдум өткізіліп, 25 қыркүйекте республика Жоғарғы Кеңесі “Арменияның егемендігін туралы Декларация” қабылдады. Ұлттық мейрамы 21 қыркүйек – тәуелсіздік жөніндегі референдум өткізген күн. 1995 жылы жаңа әкімшілік басқару жөнінде заң қабылданып, осы заңға сәйкес губернаторлар басқаратын 11 облыс(мазр) құрылды. 1933 жылы қазанда ҚР мен Армения Республикасы арасындағы қарым-қатынастардың негізі жөніндегі шартқа қол қойылды.

Экономикасы. Армения- индустриялы –аграрлы мемлекет. Жерінде түстіжәне сирек металдар , мыс,цинк,темір, аздаған марганец қоры ,нефелин сиениті, құрылыс материалдары –мәрмәр ,туф, әк, доломит, пемза,отқа төзімді балшық және химиялық құрамы жағынан әр түрлі минерал сулардың (“Джермук”, “Арзни”,“Севан”) үлкен қоры бар. Отын-энергетика ресурстарына кедей болғандықтан су энергиясы кең пайдаланылады.

Армения өнеркәсібін түрлі кешенді өркендеген салалар құрайды. Олардың ішінде –түсті металлургия, химия өнеркәсібі және көп салалы машина жасау өндірісі. Машина жасау сапасы бойынша металды аз қажетсінетін өндірістер (прибор жасау, электротехника, радиоэлектроника және станок жасау салалары) дамыған. Жеңіл өнеркәсіпте мақта-мата кәсіпорындары шұлық және трикотаж бұйымдарын, кілемдер, жібек, жүн және мақта маталарын шығарады. Тамақ өнеркәсібі ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейді. Армения сапасы жоғары шараптар мен коньяктар шығарады (“ Каири”, “Армения”, “Ереван”, т.б.)

Ауыл шаруашылығында 400 мың га-дан астам жерден дәнді және техникалық дақылдар өндіріледі, жеміс-жидек, жүзім шараптары дамыған. Альпі жайылымдарында етті-сүтті ірі қара мен қой өсіріледі. Арменияның ұлттық табысы 1996 жылы 7200 млн. АҚШ доллар, ал жан басыны шаққанда 2000 АҚШ долларға тең болды. Экспорт пен импорт тиісінше 57 және 830 млн. АҚШ долларына тең. Таулы Карабахтағы Ресейге сүйеніп жүргізген соғыс Армения экономикасына үлкен зиян келтірді.

Әдебиеті мен өнері. Халық фольклорында армян халқының ежелгі сенім-нанымдары, танымдары туралы мол деректер сақталған. Өзге де фольклорлық жанрлармен қатар, “ Гайк пен Бел”, “ Көркем Ара мен Шамирам”, “ Торк Ангех”, “Ваагнаның дүниеге келуі”, “ Тигран мен Аждаак”, “ Арташес пен Артавазд” сияқты аңыздар, тарихи-танымдық, көркемдік жағынан құнды. “Сасундық Давид”(“Сосунци

Давид”) батырлық эпосында армян халқының өз бостандығы үшін ерлік күресі көрініс тапқан.

405-406 жылдары М. Маштоцтың армян жазуын жасап, қалыптастыруы көп жанрлы жазба әдебиеттің дамуына жол ашты. Ғұмырнамалық, тарихи, діни әдебиет өркендеді. 9 ғасырда мемлекеттігі қайта қалпына келтірілгеннен кейін, армян қайта өрлеу идеясы өлең-жырлардың (тага), сондай-ақ Г. Нарекацидің “Қайғылы жырлар кітабы” лирико-философиялық поэмасының арқауына айналды.

Армения әдебиетінің қалыптасуындағы елеулі құбылыс классицизм болды. О. Ванандеци, П.Минасян, т.б. ұлттың өткен тарихын бейнеледі, патриотизмге үндеді. Әдеби сын, аударма мектебі қалыптасып, Батыс Еуропа классиктерінің шығармаларымен таныстық басталды.19 ғасырдың 30-40 жылдарында ағартушылық қозғалыстың ықпалымен жеке тұлғаның ішкі әлеміне ден қойылды. Бұл кезеңнің көрнекті өкілдері : А.Аламдарян, Г.Алишан, Х.Абовян (“Армения жаралары” деген тарихи романы). 70-80 жылдарда Церенц, Рафи, Мурацананың тарихи романдары үлкен қоғамдық маңызға ие болды. Дегенмен, бұл кезеңдердегі жетекші жанр рөлін поэзия атқарды (Р.Патканян, т.б.). Бірте-бірте сыншыл реализм басты әдеби бағыт болып орнықты. Лирикалық, эпикалық жанрлардың биік үлгілері туды (О.Туманян,А.Исаакян,т.б.). 20 ғасырдың басында классикалық реализммен қатар неоромантизм белгілері де көрініс берді.

Кеңес дәуіріндегі Армения әдебиетінің дамуында кеңес империясы құрамындағы халықтар әдебиетімен ортақ сипаттар көп. Қазіргі заманғы Армения әдебиетінің көрнекті өкілдері Г.Эмин,С.Капутикян,М.Саркисян,т.б.

Армения жерінде сәулет өнерінің ескерткіштері молынан кездеседі.Урарту мемлекетінде (б.з.б.9-6 ғасырларда) құрылыс мәдениетінің өте жоғары болғанын Ксенофонт(б.з.б.4 ғасырда) жазбаларынан кездестіруге болады. Және сол тікбұрышты жобадағы баспалдақтап

шығатын ағаш күмбезді дәстүрлі тұрғын жайлар құрылысы 20 ғасырға дейін сақталды. Эллиндік дәуірден сақталған Арташат, Тигранакерт қалаларының қалдықтары да, б.з.б. 6-мыңыншы жылдарға жататын тастағы таңбалар, энеолит дәуіріндегі ойып салған геометриялық өрнектері, 2-мыңыншы жылдарға саятын қызыл саздан жасалған қыш ыдыстар мен әшекей бұйымдар мұндағы өнер тарихының өте әріден басталатынын көрсетеді. Оны б.з.б. 1 ғасырда пайда болған Армения театры да дәлелдейді. Б.з.б. 69 жылы Тигран II патшаның кезінде Тигранакерт қаласында театр үйі салынып, трагедиялық және комедиялық актерлер ойын көрсеткен. Онан кейін Арташат II Арташат қ-нда театр құрып, онда Язонның труппасы ойнаған. А. Жерінде антик. Амфитетр үлгісіндегі салынған театр ғимараттары бар. Осы өнер салалары бір-бірімен байланыса дамып, сәулет-құрылыс саласында, бейнелеуде, театрда көптеген өнершеберлері өсіп шықты. Ал бейнелеу өнері саласында кітап миниатюрасын ерекше айту керек. 6-7 ғ. Нұсқалары сақталған бұл өнерде әр мектептің, әр түрлі бағыттың белгілері сақталған. Армения музыкасының негізін випасандар (эпос айтушылар) мен гусандар (ақын-әнші актерлер) салған. Музыкалық аспаптары: кимани, саз, тар, уд (шекті), дудук, зурна (үрлемелі), доол, нагара (ұрмалы), т.б. Армения музыка мәдениетінің дамуына Комитас айрықша зор үлес қосты. 20 ғасырдағы ірі музыка қайраткерлері – А. Хачатурян, Р. Меликян, т.б. 1923 жылы опера театры ашылған, 1924 жылы симфониялық оркестр құрылған. 1907 жылы католикос Мкртич Хримянды жерлеу киноға түсірілген. Бірақ Армения киносының өзіндік тарихы 1926 жылы Арменияда Бек-Назаров түсірген “Намус” фильмінен басталады. Елдің тарихына қатысты тақырыпта, әдеби шығармашылық негізінде режиссер П. Бархударян, А. Мартиросян, Л. Калантар, т.б. “Кикос”, “Мексикалық дипломаттар”, “Гикор” фильмдерін түсірді. Алғашқы дыбысты фильм “Пэпо” (1935) да Бек-Назаровтың еңбегі Армения

киносының “Насими”, “Бабек”, т.б. шығармалары ұлттық бояумен ерекшеленеді.

Армения кітапханасы, Матенадаран, Месроп Маштоц атындағы – Армения Республикасының көне қолжазбалар мен тарихи архивтік құжаттар сақталатын мемлекеттік кітапханасы. Мұнда Арменияның көне заманнан бергі тарихын баяндайтын материалдар жинақталған. Сонымен қатар басқа да көптеген елдер тарихы мен мәдениетіне қатысты деректер, қолжазбалар бар. Матенадаран залдарынан “отпарас, пұтпарас” замандарының аңыз – ертегілерінің, мифологияларынан бастап, 20 ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі жазбаларды табуға болады. Қолжазбалар мен әр алуан басылымдардың жалпы саны – 25 мыңдай. Мұндағы ең үлкен қолжазбаның салмағы 34 кг, оған кезінде 700 бұзаудың терісі пайдаланған. Ең кішкентай қолжазба 12 гр тартады. Армения кітапханасында славян, парсы, грек, иврид, үнді, латын, грузин, араб және түркі халықтары тілдерінде жазылған қолжазбалар да сақталған. Сондай көне қолжазбалардың бірі – “Қыпшақ тілінің граматикасы”. Ол 1581 – 91 жылы армян әліпбиімен көшірілген. 11-14 ғасырларда Қара теңіздің солтүстік жағасы мен Азау теңізі жағалауларын мекендеген қыпшақтар тілі, негізінен, осы 13-14 ғасырдың ескерткіші болып есептелетін “Кодекс Куманикус” арқылы зерттелуде. Қазақстан ғалымдары арасынан бұл көне мұраны тіл тұрғысынан тұңғыш зерттеген – Әбжан Құрышжанов. “Кодикс Куманикус” армян-қыпшақ, қырым-татар және қарайым тілдерін зерттеуде де кеңінен қолданылады. Түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеушілерге Армения кітапханасындағы “1512-1800 жылы жарық көрген армян халқы кітаптарының библиографиялық көрсеткіші”, “армян халқының 1801-50 ж кітаптары” (1967), “1567-1800 ж. Константинопольде жарық көрген армян кітаптары” (1964), “Армян библиографиясының библиографиясы” (1963) т.б. кітаптар құнды мағлұматтар береді.

Кітапхана жыл сайын 26 мың оқырманға қызмет көрсетеді.

Армения таулы үстірті – Түркия, Армения мен Иранға дейін созылып жатқан таулы алқап. Ауданы 400 мың км. Жер бедері неоген мен антропоген дәуірінің лавалары мен туфтарынан құралған таулы үстірттерден, тектоникалық ойыстардан, жазықтардан, көптеген қыраттары жер жарылымдарын бойлай жатқан жанартау тізбектерінен тұрады. Ондағы Үлкен Арарат тауының абсолюттік биіктігі 5165 м. Солтүстігінде (Кіші Кавказ тауы) тауаралық үстіртті жазықтар тау деңгейінен 1500—1800 м биіктікте, ал оңтүстігінде үстірттер 4000 м-де орналасқан. Үстірттегі ірі тектоник, ойыстар, Арарат, Эрзурум, Муш, Тебриз. Олардың табанында Ван, Севан, Урмия көлдері бар. Армения таулы үстіртінің солтүстігін Кура алабының өзендері, оңтүстігін Тигр мен Евфрат өзендері бойлай ағады. Таулы үстірт субтропиктік белдеуде орналасқанымен, оның ауа температурасының маусымдық ауытқуында үлкен айырмашылық кездеседі. Үстірттің оңт-шығысында жазда (шілде айында) ауа температурасы 38 градус дейін ысыды. Солтүстігінде (Қарс қ.) қаңтардың орташа температурасы –13 С –қа жетеді. Тауда жылдық орташа жауын-шашын 500-800 мм, ойыстарда, жазықтарда 150-300 мм. Ойыстардың көп жерін құрғақ далалар мен шөлейттер басқан. Армения таулы үстіртінің 2000-2200 м биіктігіне дейінгі беткейінде орман (емен, қарағай), 2200-2700 м аралығында тікенекті бұталар, ал одан жоғары биіктікте тау шалғыны өседі. Үлкен Арарат және Сюпхан сөнген жанартауларында мұздықтар кездеседі. Армения таулы үстіртінде хромит, мышьяк, темір, алтын полиметалл марганец кентастары, тұз көмір, мұнай- газ кен орындары бар. Суармалы егіншілік дамыған бөлігінде (Арарат жазығында, Эрзурум, Муш шұраттары) халық тығыз қоныстанған.

Армяндар (өзд. атауы –хай) –халық Арменияда 3,732 мың ТМД елдерінде 4580 мың, Америкада 650 мың,

Францияда 250 мың, Иранда 200 мың Түркияда 150 мың, Ливанда 150 мың, Сирияда 120 мың, Иракта 20 мың, Египетте 120 мың (1996), т.б. елдерде тұрады. Арменонд расасының үлкен еурпеондтер нәсіліне жатады Үнді-европалық тілдер шоғырының бөлек тобын құрайтын армян тілінде сөйлейді. Ол батыс және шығыс диалектісіне бөлінеді. Армян әліпбиімен жазады. Діни сенімі – христиан- монофистер, шетелде тұратындардың біразы – католиктер, протестанттар. Хеттер, цитанилер, ассириялықтар жазбаларында б.з.б. 2-мыңжыджықтың 2-жартысында “Урарту елі”, “Арарат елі” деген мемлекеттер болғаны айтылады. Б.з.б. 9 ғ-да Ассирия әскерлеріне қарсы тұру мақсатымен Таулы Армян князьдігіндегі тайпалардың бастары бірігіп, біртұтас мемлеке құрылады. Бұл бұрын урарту-хуриттік, хеттолувийлік, протоармяндық, үнді европалық тілде сөйлейтін тайпалардан құралған Армения шарушылығы мен мәдениетін бірыңғай дамытуға әсер етті. Ежелгі Армения Урарту мемлекет кезінде (б.з.б. 9-6ғ) көне парсы жазбаларында “Армина елі”, грек жазбаларында “Армения” деп аталады. Негізгі тұрғындары өз елін Хайк (Айк) деген ежелгі атаымен аталған. Армения 301 жылы христиан дінін қабылдады. 405-406 ж. жасалған армян жазуының осы уақытқа дейін өзгеріссіз қолданылуы Армения мәдениетінің дамуына, ұлт ретінде өзін-өзі сақтап қалуына көп ықпал етті. Елдегі үздіксіз соғыс салдарынан жергілікті халық жан-жаққа көшіп, дүниежүзінің бірсыпыра елдерінде Армения тобы (диаспорасы) пайда болды. 7-11 ғасырларда Еуропаға, Алтын -Орда қалаларына, Қырымға, Польшаға, Украинаға бытырады. 11-14 ғасырларда Византияда, Египетте, Сирияда, Ливанда, Галицияда, Молдовада, Венгрияда, 17 ғасыр басында Иранда босқын Армяндар көбейді. 18 ғасырдың басында көптеген Армяндар Ираннан Үндістанға, Қытайға, Бирмаға, Филиппинге, Яваға қоныс аударды. Ресейдің Петербург, Мәскеу Астрахан, Солтүстік Кавказ, Дон өңірлеріне ығысты. Армяндардың негізгі кәсібі-егіншілік, жеміс-жидек, мал өсіру. Кілем, кесте, шілтер тоқу,

тас қашау, зергерлік бұйымдар жасау дамыған. Қазіргі уақытта Армяндар кп салалы өндірісте, халыққа қызмет ету салаларында еңбек етеді. Халық ауыз әдебиеті эпостық жырларға, табиғат туралы аңыз –ертегілерге, жиһанкездер туралы әпсаналарға бай.

ГРУЗИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

Грузия Республикасы (Сакартвело)- Европа құрлығының оңтүстік шығысында, Кавказ тауының оңтүстік бөлігінде орналасқан мемлекет 66 әкімшілік ауданға бөлінеді. Құрамына Абхаз (1931) және Аджар (1921) республикалары енеді. Шекарасы Ресей, Әзербайжан, Армения, Түркия мемлекеттерімен шектесіп жатыр. Жер көлемі –69,7 мың км Квадрат, Халқы –5,4 млн. (1995). Тұрғындарының 70,1 пайызы грузиндер. Бұдан басқа армяндар(8,1 пайыз), орыстар (6,3 п), әзербайжандар (5,7 п), осетиндер(3п), абхаздар(1,8п), гректер, украиндер, т.б. тұрады. Астанасы –Тбилиси қаласы (1,2 млн.). Халқының көпшілік бөлігі– христиан дінінің прпвославие тармағын ұстанады, қалғандары мұсылмандар мен католиктер . Ресми тілі– грузин тілі. Мемлекет басшысы – президент. Заң шығарушы органы –бір палаталы парламент. Конституциясы 1995 жылы 24 тамызда қабылданған .Ұлттық ақшасы –лари. 1995 жылы қыркүйек айынан айналымға енгізілген. Ұлттық мейрамы – мемлекет тәуелсіздіктің қалпына келтірілген күні. (26 мамыр, 1918 жылы).

Табиғаты. Жерінің 87 пайызын таулы қыраттар алып жатыр , 36, 7 орман. Солтүстігінде Үлкен Кавказ қатпарлы тау жүйесі бар. Қара теңіз жағалауын Колхида ойпаты алып жатыр. Жерінің геологиялық құрылымы күрделі Негізгі кен байлықтары: марганец, тас, көмір , мұнай, полиметалдар. Минералды су көздеріне бай (Боржоми, т.б.) Тау мұздықтарынан басталатын , суы мол, екпінді өзендер (Кура, Риони, Ингури, Сунса, т.б.) жиі кездеседі. Климаты жылы

және ылғалды субтропикалық. Қаңтар айындағы орташа температура 4–7 С, ал шілдеде 22–24 С. Жылдық жауын-шашын мөлшері 1500 мм.

Тарихы. Грузия жеріне адам баласы ерте замандарда-ақ қоныстана бастаған. Б.з.б. 2-мыңжылдықтың аяқ кезінен бастап алғашқы мемлекет бірлестіктер пайда болды. Б.з.б. 8 ғасырда қазіргі Грузия территориясын алдымен кемерліктер, кейін сақтар басып алды. Көп уақыт бойы бүкіл Кавказ аймағы Мидия патшағы (б.з.б. 7 ғасыр.) мен Ахемен әулетінің (б.з.б. 6 ғасыр.) иелігінде болды. Б.з.б. 6 ғасырда Қара теңіздің шығыс жағында орналасқан саудамен айналысатын грек қоныстары мен Кавказ халықтары арасында сауда байланысы күшейді. Б.з.б. 6 ғасырда Батыс Грузияда Колхида патшалығы, ал 4 ғасырда Шығыс Грузияда Иберия патшалығы құрылды. Қалалар пайда болып, басқа елдермен қарым-қатынас, сауда-саттық дамыды. Б.з.б. 1 ғасырда Грузия аумағын Рим империясы басып алды, бірақ б.з. 2 ғасырынан бастап оның билігі әлсіреп, жергілікті әкімдердің билігі күшейді. 3–4 ғасырларда елге христиан діні тарай бастады. 4 ғасырдан бастап Грузияда Сасанилер әулеті билеген парсылар қайта-қайта шабуыл жасап, 523 жылы елді толық бағындырды. 7–9 ғасырларда Грузияның көпшілік бөлігі Араб халифатына қосылды. 10 ғасырдан бастап Грузия біртұтас мемлекет болып бірікті. Елді Багратион әулетінен шыққан патшалар билеп, 11 ғасырда Солтүстік Арменияны жаулап алды. Давид I (1073 – 1125), Георги III (1156 – 84), Тамара (1184 –1213) патшалар тұсында Грузия Кавказдағы аса күшті мемлекеттердің бірі болды. Бұл кезеңде Грузия патшаларының билігін Солтүстік Кавказ, Солтүстік Иран, Әзербайжан, Қара теңіздің оңтүстік-батыс жағалауы елдері (Трапезунд патшалығы, т.б) мойындады. Осы кезде қалалар көркейіп, мәдениет өркендеді. Философия, тарих, әдетіет, сәулет өнері жақсы дамыды. Шығыс Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» туындысы осы кезде жазылды.

Грузия 13 ғасырдың 2-ширегінен бастап Шыңғыс хан ұрпақтарының ,14 ғасырдың 2-жартысында Әмір Темір мемлекетінің иелігінде болды. 15 ғасырда бірнеше ұсақ мемлекетке (Картли, Кахети, Имеретия патшалықтары мен Мегрель, Гурий ,Абхазия князьдіктері) ыдырап, 16 – 18 ғасырларда Иран мен Осман сұлтандығының арасындағы ұрыс майданына айналды. 17 ғасырда Иран шаһы Аббас I Грузияға бірнеше жорықтар ұйымдастырды .18 ғасырдан бастап Грузия қайтадан біріге бастады. Вахтанг VI патшаның тұсында (1703 – 24) орталық үкіметтің билігі күшейтіліп ,кең көлемде құрылыс жұмыстары жүргізілді. 18 ғасырдың 2 – жартысында Ираклий II патшаның тұсында Картли (Иберия) және Кахети патшалықтары біріктірілді. Ол сепаратистік пиғылдағы князьдердің қарсылығын талқандап, шаруашылық пен сауданы қайта жандандыруға күш салды. Қалалар қайта жандана бастады. Бұл кезеңде тағы бір грузин патшалығы Имеретияда Соломон I-нің (1754 – 84) басшылығымен күшейіп, патшаның жеке билігі нығайды. 17-18 ғасырларда Грузия мәдениеті қайтадан гүлденіп,кітап басып шығару ісі қанат жайды. 1783 жылы Георгий трактаты бойынша Картли-Кахети патшалығы Ресейдің протектораттығын қабылдады. Бұл жағдай Грузияның Иран және Түркия мемлекеттерімен қарым-қатынасын шиеленістірді. Ираклий II патша қайтыс болып, ел ішін жайлаған тақ тартысын пайдаланған Иран шаһы Ага Мұхаммед хан Каджари 1795 жылы Тбилисиді өртеп жіберді.1801 жылы Картли-Кахети патшалығы өмір сүруін тоқтатып, Шығыс Грузия толығымен Ресейге қосылды. Осыдан кейін Батыс Грузия үшін орыс –иран (1804-13, 1826-28) және орыс-түрік (1806-12,1828-29) соғыстары болып өтті, Сөйтәп 1803-64 жылы Батыс Грузияда Ресейге толығымен бағынды.

Сырттан шабуыл саябырлап, ел ішінде сауда-саттық жанданғанымен , Грузиндерді орыстандыру саясаты басталып, шаруаларды қанау күшейді. Халық көтерілістерін үкімет әскерлері күшпен басып отырды. 1864-71 жылы

